# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№40 (1633)
20 желтоқсан
2016 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


# ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ!

**Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы – барлық қазақстандықтар үшін Қазақстан халқының тарихи жетістіктерінің жарқын белгісі. Бұл жылдар ел үшін өрлеу мен дамудың дәуірі болды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚазҰУ-да өткен салтанатты жиын ширек ғасыр ішінде Қазақ елі бағындырған биік белестер мен ел игілігі жолындағы ҚазҰУ ұжымы атқарған ауқымды шараларды саралауға арналды.**



ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов дәстүрлі шараны ашу рәсімінде: «25 жыл бойы егемен Қазақстан әлемге экономика, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық дамуының айқын үлгісін көрсетуде. Бұл үдерістердің қарыштап өрлеуінде Елбасымыздың, яғни Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясымен қалыптасқан үкіметтік саяси институт сөзсіз маңызды рөлге ие», – деп атап өтті.

Ректор Ғалым Мұтанов барша қазұулықтарды мемлекеттік мерекемен құттықтай отырып, ҚазҰУ-дың әлемдік білім кеңістігіндегі жоғары жетістіктері мен жеңістеріне кеңінен тоқталды. ҚазҰУ-ды дамыту мен халықаралық дәрежеге көтеру ісінде белсенділік танытқаны үшін университет ұжымына алғыс білдірді.

«Білім беру жүйесін комплекстік реформалау – әлемдік білім беру кеңістігінде Қазақстанның биіктен көрінуіне мүмкіндік берді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары білім мен ғылымның көшбасшысы ретінде жоғары мектептің және жалпы елдің дамуына сүбелі үлес қосуда. Әлемнің үздік университеттері қатарына кіру, ғылыми зерттеулер нәтижесін өндіріске қосу және инновациялық қызметті қамтамасыз ету сияқты Елбасының алға қойған міндеттері университетке бағдар беріп келеді», – деді Ғалым Мұтанов.

Мерекелік шара барысында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға – 80 жыл» мерейтойлық медальдарымен белсенді қоғамдық-саяси қызметі мен оқудағы табыстары үшін студенттер, білім мен ғылымды нығайтуға және дамытуға қосқан үлесі үшін университет қызметкерлері марапатталды. Жиында сөз алған оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен студенттер қауымы Тәуелсіздігімізге тәубе етіп, еліміздің халықаралық аренадағы жарқын жетістіктерін тілге тиек етті.

Жайдары кеш, жылы лебіз, достық көңіл-күйде өткен жиын «Бақыт» шоу-балеті, «Фараби сазы» оркестрі, «Жастар» квартеті мен басқа да шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуімен толықты. Басты байлығымыз – Тәуелсіздік күніне арналған тамаша шарадан шыққан барша жанның жанарында өз еліне деген зор сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі анық байқалып тұрды. Жасай бер, алаш жұрты, өркендей бер, Қазақ елі!

**ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН**

## Новые задачи - НОВЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

**В юбилейный год независимой истории страны Указом Президента Республики Казахстан выдающиеся деятели науки и образования КазНУ, внесшие личный вклад в развитие интеллектуального потенциала страны были награждены государственными наградами.**

В торжественной обстановке на ректорате орденом «Парасат» были награждены директор Института проблем горения, лауреат Государственной премии РК профессор Зулхаир Мансуров и орденами «Құрмет» - заслуженный тренер РК Анатолий Арещенко, профессор Берекет Карибаев и доцент Архат Абикенов.

*Продолжение на 2 стр.*

**2016 жылдың үлкен мерейтойы – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Айтулы мереке республикамыздың түкпір-түкпірінде атап өтілуде.**

## Қуанышқа бөлеген 25 жыл!

Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныш-тығымыздың қиясы, махаббатымыздың ұясы – Қазақстан. Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

25 жыл мемлекет үшін көп уақыт емес, осы азғана уақытта Қазақстан өз аяғына нық тұрып, әлемге аты танылған мемлекет болды. 25 жылда талай өзгеріс болды. Қазақстан 70-тен астам халықаралық ұйымның белді мүшесі атанды. Еліміздегі бірлік пен ынтымақтың арқасында осындай жетістіктерге жетіп отырмыз. 1993 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 1000 есеге дейін жоғарылады. Халықтың өмір сүру жасы 72-ге дейін көтеріліп, бала туу көрсеткіші 68 пайызға өсті. Соңғы 5 жылдың ішінде ғана елімізде индустриалды даму бағдарламасы аясында 950 жаңа кәсіпорын құрылып, 250 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Алдағы жылдары елімізде EXPO көрмесі, Универсиада секілді маңызды шара¬лар да өткелі жатыр.

Тәуелсіз Қазақстан! Қазақстан Республикасы! Неткен керемет, киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз – қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Көк туымыз желбіреп, әнұранымыз асқақтай шырқалуда. Тәуелсіздігімізге міне, 25 жыл толды. Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ширек ғасырда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты.

*Жалғасы 3-бетте*


**БҮГІНГІ САНДА:**

МОСТЫ НАУЧНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА: КАЗАХСТАН И РОССИЯ



3-стр.

ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯ



4-бет

ПРОФЕССИЯ ДЛИНОЮ В ЖИЗНЬ



6-стр.

# ҚазҰУ картографтары Алматы қаласының 3D атласын жасамақ

**Бұл туралы ҚазҰУ-ға Сорбонна Париж-Сите және Париж-Дидро университеттерінен келген делегациялармен кездесу барысында белгілі болды.**



«ҚазҰУ географтары мен картографтарының бірлескен жобасы XXI ғасыр талаптарына сәйкес қала тұрғындары мен қонақтары үшін 3D карта құруға мүмкіндік береді. Мұнда Алматы туралы толық ақпарат, яғни оның инфрақұрылымы мен жетістіктері жайлы көрсетіледі. 3D атлас қаланың барлық ұйымдары мен мемлекеттік мекемелеріне таралатын болады», – дейді Орталық Азиянын француз зерттеу институтының аймақтық директоры Катрин Пужоль.

«Университетіміз әлеуметтік маңызы зор ауқымды инновациялық жобаларды әрқашан қолдайды. ҚазҰУ-да бағдарламаны іске асыру үшін қажетті ресурстардың барлығы бар», – деп атап өтті ректор Ғалым Мұтанов.

Кездесу барысында Сорбонна Париж-Сите университетінің халықаралық қатынастар директоры Себастьен Велю ҚазҰУ-дың жетістіктерін және білім беру, ғылыми-зерттеу әлеуетін жоғары бағалады.

Тараптар ынтымақтастықты дамытуға және қосдипломдық білім беру бағдарламасын жетілдіруге, бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, студенттер мен оқытушылар арасында академиялық ұтқырлық бойынша Франция университеттерімен байланысты кеңейтуге өзара келісімге келді. Сонымен қатар, ынтымақтастық жөнінде шартқа отыруға уәделесті.

**Ж. ҚАРАТАЕВА**

РЕКТОРАТ *Продолжение. Начало на 1 стр.*

# Новые задачи - НОВЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ



Указом Президента Нурсултана Назарбаева юбилейной медалью «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» были удостоены заслуженный деятель науки и техники Казахстана, почетный академик НАН РК Толеген Кожамкулов, ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов, декан Высшей школы экономики и бизнеса Баян Ермекбаева, декан юридического факультета Даулет Байдельдинов, профессор кафедры общего языкознания и европейских языков Элеонора Сулейменова и начальник военной кафедры Олег Ажимов. Также пятнадцать преподавателей и сотрудников КазНУ были награждены благодарственными письмами ректора и юбилейными медалями «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл».

Приятным подарком для коллектива КазНУ к празднованию 25-летия Независимости Республики Казахстан стала победа команды военной кафедры на турнире по волейболу среди профессорско-преподавательского состава семи военных кафедр города Алматы.

Прежде чем перейти к обсуждению актуальных вопросов по повестке дня традиционно на ректорате были вручены стипендии талантливой и перспективной студенческой молодежи КазНУ. Управление человеческими ресурсами и архивом КазНУ вручили стипендию студентке 1 курса физико-технического факультета Динаре Алтаевой. С целью стимулирования научной деятельности молодых ученых, профессоры колледжей Куинз и криминальной юстиции Ньюйоркского городского университета Джон Джей Сергей Шелухин и Светлана Шелухина вручили стипендии двум докторантам юридического факультета КазНУ.

Первый вопрос повестки дня был посвящен обсуждению инструментов повышения качества образования, через реализацию программ внешней и внутренней академической мобильности студентов и преподавателей. О дальнейших механизмах эффективной интеграции КазНУ им. аль-Фараби в глобальное научно-образовательное пространство выступила директор департамент международного сотрудничества Айжан Смаилова.

«Академическая мобильность повышает качество образовательных программ и научных исследований. Она расширяет сотрудничество и конкуренцию между вузами и усиливает интернационализацию высшего образования. Академическая мобильность студентов является основой создания глобального пространства высшего образования и глобального кампуса КазНУ», - отметила Айжан Смаилова.

С целью повышения международной узнаваемости на ректорате было предложено обеспечить эффективную работу по открытию и продвижению международных лабораторий и центров аль-Фараби за рубежом: в Иорданском, Стамбульском университетах, Пекинском университете иностранных языков, в Кембридже, деятельность Казахстанско-катарского центра и центра ACEAN и др.

Второй вопрос повестки дня - трудоустройство выпускников КазНУ им. аль-Фараби 2016 года. Директор Центра карьеры и профессионального развития Марат Сейсембиев обратился к членам ректората с предложением об активизации работы в вопросах трудоустройства выпускников и проведения соответствующего мониторинга, а также организовать заключение договоров на прохождение профессиональной практики с приоритетными предприятиями.

О запуске центра зеленых технологий в рамках реализации ГПИИР-2 «Зеленая энергетика» выступил проректор по научно-инновационной деятельности Тлеккабул Рамазанов. Масштабный проект осуществляется в рамках реализации концепции по переходу Казахстана к «зеленой» экономике. Работа центра предусматривает улучшение экологической, экономической ситуации кампуса и города, а также решение ряда вопросов по сохранению ресурсов, биоразнообразия, и эффективному природопользованию. Центр уже располагает современным тепличным комплексом, использующим «зеленые» технологии.

Также были обсуждены текущие вопросы приведения в исполнение постановлений ректората.

**А. КАМАЛДИНОВА**

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**Механика-математика факультетінің Ө.А. Жолдасбеков атындағы үлкен мәжіліс залында оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қабдеш Жұмаділовпен кездесу кеші өтті.**

Әл-Фараби атындағы кітапхана мен механика-математика факультеті «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында ұйымдастырған бұл кездесу жазушының 80 жылдық мерейтойына, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды.

Жазушы жастарға ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітаптың тізіміне енген, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық иеленген «Тағдыр» романының (1990 ж.) жазу тарихы туралы айтып берді. Студенттер оны оқудан алған әсерлерімен бөлісті. Сонымен қатар кеш барысында «қара сөздің даробозы» атанған халық жазушысының «Қылкөпір» (2015 ж.) және «Академиктің көз жасы» (2016 ж.) атты жаңа кітаптарының тұсаукесері өткізілді.

**Қ.С. КӨБЕГЕНОВА,**
**Ж.Б. МАНАПБАЕВА,**
*Әл-Фараби кітапханасының менеджер-кітапханашылары*

***

**Шығыстану факультетінде Түрксой кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тал бесіктей тербелген Тәуелсіздік!» атты мерекелік шара өтті.**

Құттықтау сөзді шығыстану факультетінің аға куратор-эдвайзері Нұртәліп Шәріпқазы алып, барлық қатысушыларды Тәуелсіздік күнімен құттықтады. «Тәуелсіздік – ең ұлық мерекеміз. Бұл мереке ешқандай мерекелердің көлеңкесінде қалмауы керек», – деді ол. Түрксой кафедрасының профессоры Ұлбала Алжанбаева Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарына шолу жасап, атқарылған ұлы істерді атап көрсетті.

Мерекелік шараны ұйымдастыруға аға оқытушылар Ж. Әбелдаев, А. Назарова, Н. Есімбекова және Г. Жанатаевалар атсалысты.

***

**Филология және әлем тілдері факультетінде «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген жаңа кітаптардың тұсакесер рәсімі өтті.**

Атап айтқанда, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында жүзеге асып жатқан «Қазақстандық аударматанудың әлемдік мәдениетаралық кеңістіктегі заманауи мәселелері: интеллектуалдық әлеуеті және даму болашағы» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жарық көрген «Аударматану бойынша библиографиялық көрсеткіш» атты қосымша оқу құралы, «Аударматанудың заманауи мәселелері» атты ғылыми монография, «Аударматану терминдерінің сөздігі» атты оқу құралдарының, сондай-ақ, кафедра меңгерушісі, PhD докторы Д.А. Қарағойшиеваның «Шетел филологиясына кіріспе» атты кітаптары таныстырылды. Аталған кітаптардың болашақ аударматанушылар мен филологтар үшін аса пайдалы болары даусыз.

**Л. МҰСАЛЫ,**
*ҚазҰУ доценті*

## К 25-летию Дня Независимости РК в КазНУ состоялось торжественное собрание

# МОСТЫ НАУЧНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА: КАЗАХСТАН И РОССИЯ

**8 декабря 2016 года исполнилось 25 лет Содружеству Независимых Государств. По истечении четверти века своего существования эта межгосударственная организация продолжает оставаться уникальной площадкой для общения и взаимодействия стран, прочно связанных между собой многовековыми дружескими, добрососедскими и даже родственными отношениями.**



Этой юбилейной дате была посвящена Международная научная конференция «Гуманитарное сотрудничество России и Казахстана», прошедшая 9 декабря 2016 года в Казахском национальном университете им. аль-Фараби (г. Алматы).

В работе конференции приняли участие ученые из Алматы, Астаны, Москвы, Оренбурга, Актюбе и Парижа.

Прошедшая в Алматы конференция была направлена на объединение ученых вузов Российской Федерации и Республики Казахстан в понимании важности изучения истории и культуры своих народов. Вопросы, обсуждаемые на заседании конференции, вновь и вновь подчеркивали основную идею о том, что народы государств СНГ объединены общей культурной идентичностью, исторической памятью. В этом ракурсе особое место занимает историческое взаимодействие между Оренбургским регионом и Казахстаном, истоки которого уходят в XVIII век, продолжались в XIX–XX вв. и имеют свое позитивное развитие сегодня. Председатель Правления АНО «Содружество народов Евразии», директор НИИ истории и этнографии Южного Урала Оренбургского государственного университета, профессор Веналий Амелин в своем выступлении отметил, что проводимая конференция отражает реальные шаги в развитии плодотворного научного сотрудничества между ведущими вузами, научной общественностью и экспертным сообществом двух бывших столиц Казахстана.

На заседании секций были проанализированы исторические и современные аспекты сотрудничества Казахстана и России. Свидетельством этому стали доклады, прозвучавшие на конференции. Доктор исторических наук, профессор, заведующая кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ им. аль-Фараби Гульмира Султангалиева в своем докладе коснулась роли учебных заведений Оренбурга в подготовке первой плеяды казахских чиновников местного и пограничного управления первой половины XIX в. Первым учебным заведением для казахов Оренбургского ведомства стало Неплюевское военное училище (с 1844 г. – кадетский корпус), которое закончили 37 казахов. В дальнейшем функцию подготовки казахских служащих для нужд Оренбургской администрации взяли на себя школы для казахских детей. Все это позволило сформировать целую плеяду казахских чиновников, имеющих высокий образовательный уровень. Профессор, главный научный сотрудник Института Российской истории Дина Аманжолова в своем докладе раскрыла значение Оренбурга в становлении Советского Казахстана. Несмотря на продолжавшиеся вплоть до национально-территориального размежевания Средней Азии дискуссии по поводу месторасположения столицы, именно в Оренбурге состоялось оформление органов власти и управления, системы распределения полномочий, сосредоточились наиболее ценные кадры этнополитической элиты, принимавшие непосредственное участие в создании советской государственности. Здесь принимались принципиально важные решения, повлиявшие на многие стороны жизни и деятельности всего Казахстана.

Важным процессам объединения творческого потенциала ученых, исследователей Казахстана и России и осознанию значения гуманитарного сотрудничества на постсоветском пространстве был посвящен доклад директора Оренбургского областного музея изобразительных искусств, профессора кафедры культурологии Оренбургского государственного университета Юрия Эдуардовича Комлева. Он показал роль музеев и музейных экспозиций как одного из важных факторов взаимодействия и сотрудничества России и Казахстана.

Кандидат исторических наук, доцент Оренбургского государственного аграрного университета Биганша Алимбаева раскрыла становление торговых взаимоотношений казахского и русского народов в трансграничном Оренбургском регионе в XVIII– XIX вв. Совместное осуществление различных видов деятельности приводило, по мнению докладчика, к прямому либо косвенному взаимодействию, отношениям между народами, населявшими обширный Оренбургский край.

Доклад доктора исторических наук, профессора, академика Казахской национальной академии образования Мурата Абдирова был посвящен участию казахов в составе русской армии в различных военных конфликтах конца XVIII – ЧШЧ веков, в том числе в Отечественной войне 1812 года и Заграничном походе.

Доклад старшего научного сотрудника Научно-исследовательского института истории и этнографии Оренбургского государственного университета, кандидата исторических наук Константина Моргунова был посвящен этнокультурному развитию казахов Оренбуржья в сложный послевоенный период.

Участники конференции проанализировав исторические и современные аспекты сотрудничества наших стран, сформулировали общие оценки событий прошлого и наших дней и выработали предложения по развитию новых направлений сотрудничества между научными центрами России и Казахстана.

**Г.С. СУЛТАНГАЛИЕВА,**
*д.и.н., профессор, зав. кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения*

---

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

## ҚУАНЫШҚА БӨЛЕГЕН 25 ЖЫЛ!



Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымызбен мақтанамыз.

Н.Ә. Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйытқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!» – деп айтқандай, біздер Елбасының зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу.

Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегіміз нұрлы болмақ. Қазақстан азаматтары болып туылғанымызға, осындай кең-байтақ өлкеде өмір сүріп жатқанымызға бақыттымыз. Өйткені, біз Тәуелсізбіз, тәуелсіз елдің патриотымыз!

**М.К. МЫРЗАХМЕТОВА,**
*б.ғ.д., профессор;*
**Н.И. ЖАПАРҚҰЛОВА,**
*б.ғ.к., оқытушы*

---

# Жаңа медиада үйренеріміз көп

**XXI ғасыр ақпарат ғасыры деп танылды. Бүгінде дәстүрлі БАҚ-пен қатар жаңа медиа да үлкен орынға ие болды. Бұл саланы меңгеруде әлемде қандай озық тәжірибелер бар? Оны елімізде даярланып жатқан болашақ медиа мамандарына қалай үйретуіміз керек? Ақпарат қоғамындағы мұндай жауапты сұрақтар шешімі –отандық журналист-ғалымдармен қатар американдық мамандардың қолға алған маңызды сұрақтарының бірі.**



Жуырда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай және G-global коммуникативтік платформасын қолдау мақсатында ҚазҰУ-дың журналистика факультеті, Огайо университетінің Е. Скриппс атындағы журналистика мектебі (АҚШ) және ҚМЭБИ медиа және коммуникация кафедрасының әріптестік бірлесуімен «Жаңа медиа, жаңашылдық: Сандық технология ғасырындағы озық тәжірибелер» атты халықаралық онлайн-конференция өтті. Конференция ұйымдастырушысы әрі модераторы – журналистика факультеті деканының орынбасары, қазіргі кезде Огайо университетінің Е. Скриппс атындағы журналистика мектебінде (АҚШ) Фулбрайт бағдарламасы бойынша ғылыми зерттеу тағылымдамасын өтуші Қарлыға Мысаева.

Конференцияға ф.ғ.к., доцент, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы, профессор Ғалия Ибраева, Огайо университеті Е.Скриппс атындағы журналистика факультетінің директоры Роберт Стюарт, PhD, Огайо университетінің профессоры Эмми Эдмондсон, PhD, Огайо университеті профессоры Ханс Мейер және ҚМЭБИ PhD, журналистика кафедрасының меңгерушісі Шолпан Қожамқұлова қатысты. Өзекті тақырыпқа арқау болған ғылыми баяндамалар Қазақстандағы жаңа медианың даму мәселелері, Огайо университетінің Е. Скриппс атындағы журналистика мектебінде (АҚШ) сандық технологияны қолданудың озық тәжірибелері; сонымен қатар журналистік білім беруде жаңа ақпараттық технологияны қолдану тәжірибелері сияқты өзекті мәселелер айтылды. ҚазҰУ журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек: «Бұл біздің әріптесіміз Огайо университеті Скриппс атындағы журналистика факультеті мен ҚазҰУ-дың журналистика факультеті үшін үлкен мүмкіндік және болашақта жаңа идеяларды жүзеге асыруға жасалған алғашқы қадамдардың бірі деп есептеймін. Біздің елдегі жаңа медианың дамуы мен АҚШ-тағы журналистік білім берудегі озық тәжірибелер жайлы пікіралмасулардың біз үшін пайдасы болады деп ойлаймын», – деп атап өтті. Өз кезегінде Роберт Стюарт бірлескен онлайн дәрістер өткізуді, студенттер арасында жаңа медианы қолдану арқылы бірлескен жобалар жасауды ұсынды. Ғалымдар Ғалия Ибраева мен Қарлыға Мысаева модераторлық еткен конференция ағылшын тілінде өрбіді. Студенттер де шетелдік оқытушыларға ағылшын тілінде сұрақ қойып, өз ізденістерін, біліктіліктерін байқатты. Сондай-ақ, Ғалия Ибраева «Қазақстандағы жаңа медиа мен дәстүрлі журналистиканы алмастыру тәжірибесі»; Шолпан Қожамқұлова «Серпіліс, мотивация және қызықтыру: топпен жұмыс істеу арқылы журналистика курстарына қалай қызықтыруға болады?»; Ханс Мейер «Журналистер ақиқат, әділдік пен теңдікке назар аудара отырып, қалай ықпалды әлеуметтік медиа мен бренд жасай алады?» және Эмми Эдмондсон «Деректер журналистикасын оқыту мен үйретудің озық тәжірибелері» тақырыптарында сараптаулар жасады. ҚазҰУ ғалымдарын американдық әріптестерімен жалғаған көпір іспеттес болған конференция екі жоғары оқу орындары арасындағы өзара ынтымақтастық пен қарым-қатынас аясын кеңейтуге жол ашты деуге әбден болады.

**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,**
*журналистика факультетінің 2-курс докторанты*

---

**ҚазҰУ-да 22-28 желтоқсан аралығында «Туризм» бағыты бойынша халықаралық бағдарлама аясында «Демалыс пен туризм индустриясы: технологиялар, дамыту, ынтымақтастық» атты дәріс өтеді**

**КазНУ им. аль-Фараби является образцом создания творчески насыщенной и развивающей образовательной среды. В университете активно осуществляется разработка масштабных программ для вовлечения молодежи в процессы социальной модернизации страны и развития творческой личности - проект «Айналаңды нұрландыр!», для повышения культурного и образовательного уровня студентов и приобщения их к чтению литературы - проект «100 кітап», в целях пропаганды здорового образа жизни - проект «Культ здорового тела» и др.**

# ПУТЬ К УСПЕХУ

Каждый студент в КазНУ может найти программу и проект по своему интересу и притязаниям. Так в поддержку мировых экологических инициатив в университете реализуется проект «КазНУ - Гринкампус» в рамках движения «Зеленый мост через поколения. Ко Дню Первого Президента Республики Казахстан с 2013 года проводится ежегодный республиканский патриотический фестиваль студенческой молодежи «Мен жастарға сенемін!».

Кафедра педагогики и образовательного менеджмента не остается в стороне от университетских традиций. В рамках проекта «Айналаңды нұрландыр!» состоялось мероприятие "Мы вместе!", посвященное Дню Независимости Республики Казахстан.

С 2012 года в составе СНО «Логос» организован студенческий образовательный театр. Самыми яркими постановками являются «Учиться никогда не поздно», посвященная Дню учителя, «Сказочное посвящение первокурсников» – ко Всемирному Дню науки. Работа театра направлена на обогащение культурного досуга студенческой молодежи, развитие всех видов творчества: музыкального, хореографического, художественного, сценического, аниматорского, фототворчества и др.

В рамках информационно-просветительской работы кафедра проводит мероприятия, посвященные проблемам науки, образования, культуры, экологии и охраны здоровья в школах, детских домах, специализированных интернатах, домах престарелых и других социально-образовательных учреждениях. Студентами разработаны и реализованы социальные проекты «Мы - за Жизнь!» и «Кто, если не мы!».



Научная и творческая деятельность нашли выражение в различных видах внеучебной работы: социально-воспитательной, волонтерской, просветительской. На кафедре работают студенческое научное общество «Логос», творческий клуб «Шабыт», волонтерский клуб «Үміт сәулесі», кружок «Эмпатия», научно-исследовательское объединение магистрантов «Школа молодого ученого» и др.

Особенно хочется отметить о деятельности Студенческого Научного Общества (СНО) «Логос», созданного в 2010 году при факультете философии и политологии. В рамках научно-исследовательского направления с 2010 года СНО проводит Конкурс научных и творческих работ студентов, с 2011 года - конкурс учебных, научно-популярных и творческих фильмов, приуроченный ко Всемирному Дню науки.

Деятельность кафедры педагогики образовательного менеджмента КазНУ им. аль-Фараби направлена на формирование социальной активности студенческой молодежи. Проекты и мероприятия, организованные кафедрой, позволяют выстраивать профессиональные установки и карьерные траектории, развивать креативность и лидерство, качества, определяющие путь личности к успеху.

**Гульмира ҚАСЕН,**
*к.пед.н., и.о профессора кафедра педагогики образовательного менеджмента*

# ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯ



**Жуырда филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен «Лингводидактикадағы инновациялық технологиялар» атты ғылыми және оқу-әдістемелік онлайн конференция болып өтті.**

Шараның мақсаты – қазіргі таңдағы лингвистика мен лингводидактикада инновациялық технологияларды тиімді қолдану мәселелерін, сонымен қатар соңғы тәжірибелерге сүйеніп жазылған ғылыми жаңалықтар мен тұжырымдарды ортаға салып, пікір алмасу. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, Ph.D. докторы Д.А. Қарағойшиева отандық, жақын және алыс шетелдік қонақтар, кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттерге конференцияға қатысқандары үшін алғыс білдіріп, аталмыш конференцияның жұмыс тәртібімен таныстырды. Филология және әлем тілдері факультеті деканының орынбасары Кенжетай Күркебаев «Шетел филологиясы» мен «Аударма ісі» мамандықтары түлектерін дайындайтын кафедра ұжымының қазіргі заман талаптарына сай ұйымдастырып отырған екінші «Лингводидактикадағы инновациялық технологиялар» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференциясын ашып, оның көтеріп отырған мәселелерінің оқу үдерісінде ғылыми және әдістемелік тұрғыда тәжірибе алмасуда маңызды қадам екенін айтты.

Кафедра профессоры Темірғали Есембеков өз баяндамасында мәтіндер арқылы көрінетін тілдік тұлға феномені тезаурусты психикалық, әлеуметтік және этикалық компоненттерден тұратын күрделі құрылым әрі адам танымындағы, яғни шығармашылығындағы ұғымдар бірліктерінен құралатын когнитивтік деңгей екенін айрықша атап өтті.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шетел тілдері теориясы мен тәжірибесі кафедрасының оқытушылары Шара Сүлейменова, Эльмира Мұхамеджанова және Америка елінің Огайо штаты өкілі Ph.D. Taylor Benjamin «уақыт» ұғымының қазақ және батыс елдерінде әртүрлі берілу нұсқаларының ерекшеліктерін салыстыра отырып, баяндамаларын ағылшын тілінде жеткізді.

Ишенали Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің оқытушылары Г. Акунова мен Қ. Шамбеталиев скайп арқылы өз баяндамаларында онлайн желісінде шетел тілін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру күн тәртібіндегі өзекті мәселе екендігіне үлкен мән беріп, өз тәжірибелерін ортаға салды.

Словакия мемлекеті Нитра қаласы Философ Константин атындағы университеттен келген Chvalova Katarina мен Eva Stranovska «Effective teacher's course-book use in foreign language teaching» атты мақаласын оқып, шетел тілін тиімді оқу құралдары арқылы оқытудың әлемдегі ең озық технологияларымен таныстырды.

Конференция пленарлық мәжілісінің соңғы бөлімінде кафедра оқытушылары Әнуар Тарақ – қазақ тілінде, ал Гүлсім Сүлейменова ағылшын тілінде жоғары деңгейде баяндама жасап, тіл мәселесіндегі ерекшеліктер мен жетістіктерге тоқталды. Сонымен, үш тілде бірдей жүргізілген конференция барысында кәсіби деңгейде дайындалған таныстырылымдар да ұстаздар біліктілігін айқындай түсті.

**Магүлсім ЖАҢАБЕКОВА,**
**Данель ҚАРАҒОЙШИЕВА,**
*шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушылары*

# Діни сауаттылық – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

**Жуырда тарих, археология және этнология факультетінде «Тарихи сананың Қазақстанда қалыптасу жолы» атты пікір алмасу өтті.**



Басқосуда халқымыз үшін дәстүрлі емес және жалған діни ағымдар мәселесі талқыланды. Жастарымыздың бір бөлігі осы жат діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, олардың жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Осы мәселенің шешілу жолдарын қарастыру мақсатында тарих, археология және этнология факультеті студенттерімен қатар, ЭжБЖМ, заң факультеті студенттерінің пікірлесу ортасына ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бөлім меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы арнайы шақырылды.

Бақытжан мырза діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселесі бойынша: «Қазіргі қоғамда, әсіресе, жастар арасында, дінге бет бұрудың жағымды үдерісімен қатар, діни экстремистік көңіл-күйдің тарала бастауын атап өтті. Бұл, әсіресе, ислам дінінің жат жерлік деструктивті ағымдарына қатысты. Олар үкіметке, елге жұмыс істеуді қаламайды, қоғамда қалыптасқан тәртіптерді мойындамайды, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрді теріске шығарады. Бұл ағымдардың келесі қарама-қарсы жағында зікіршілер тұр. Олар, керісінше, дәстүрді дәріптеп, тек қазақтар ғана нағыз мұсылмандар»,- деп есептейтінін тілге тиек етті маман. Бұлардың барлығынан келетін қауіп олардың мемлекеттен, қоғамнан және тіпті отбасынан оқшауланып, өздерінен басқа көзқарастағыларға төзімсіздік танытуы, кейде бұзық әрекеттерге көшуіне басты назарды аударды. «Өкінішке орай, бұл деструктивті ағымдар еліміздің тәуелсіздігі барысында дінге қатысты еркін, ашық әрі жұмсақ саясат ұстанудың нәтижесінде сыртқы ықпалдардың әсерімен елге еніп кетті және тамырын тереңге жайып үлгерді. Сәлафтар өздерін таза мұсылмандармыз деп есептейді де, дәстүрге сүйенгендерді, намаз оқымағадардың барлығын кәфір, күпір, муртад деп өз беттерінше үкім шығарады. Құранның кейбір ситуативті аяттарын жалпы контекстен жұлып алып, оларға тістей жабысып, өз шейхтарын ғана мойындап, буквализм мен фанатизмге ұрынады. Сөйтіп, Құран мен Суннаның ізгі рухын бойларына сіңіре алмайды. Жаратушының адамзатты әртүрлі етіп жаратқанын түсінбейді. Бұл өте қауіпті құбылыс, оның алдын алып, таралуына жол бермеу керек»,- деген пікірін студенттермен бөлісті.

Тарихшы магистранттар Ш.Е. Түгел, А.В. Шалагин, Б.Б. Сайынова, студенттер Ғ. Әшірбек, С.А. Берікова, С.Қ. Бартов қазақ даласындағы діндердің таралу тарихына, оның ерекшеліктеріне қатысты пікірлерін ортаға салды. Мектеп бағдарламасына «Дінтану» пәнін енгізу арқылы рухани сұранысты жүйелі түрде сауатты қалыптастыру қажеттігін назарға алуды ұсынды. «Ислам» тарихын оқыту мәселесі де талқыланды, біздің қоғамымыздағы дінге қатысты жалпы танымның терең болмауы Елбасымыздың жолдауында нақты «біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз» деп нақты атап өтуіне студенттер ерекше тоқталып өтті.

Сондай-ақ заңгер студенттер – А.Т. Мұратова, Қ.Т. Шығырбай, А.К. Малгаджар қазіргі заман «ақпараттық ағыс пен соғыс» заманы, сыртқы қауіпті ескермеу мүмкін емес және дінге қатысты заңның қабылдануында: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек», – деп көрсетуде, құқықтық қайшылықтардың орын алмауын ескеру туралы ойын ортаға салды. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы, инфрақұрылымның дамуы фанатизмнің жетегінде кететін жастар санының өсуіне тосқауыл ретінде қарап, Жолдаудағы экономикалық мәселелердің алғашқы болып қаралуы сондықтан екендігін тілге тиек етті. Әрине, бұл ойды экономист-магистрант А.С. Демес қолдап, «алдымен экономика – содан соң саясат» формуласы елдің сасяи тұрақтылығы, әлеуметтік және қоғамдық сана мен руханилық өрістеуге мүмкіндік беретініне кәміл сенетінін айтты. Экономикалық прагматизм мен қаржыландырудың қайтарымы да қызу талқыға түсті.

Пікір алмасу соңында осы мәселені шешу жолдары ұсынылып, шара білім алушылардың діни сауаттылығының артуына ықпал етті. Жат ағымдардан сақ болайық, ағайын!

**А.М. ӘБДІДАБЕКОВА, Э.Т. ТЕЛЕУОВА,**
*қазақстан тарихы кафедрасының доценттері*

**Ассоциированный профессор из Канады Сет Адабио Агбо выступил с лекцией на тему «Основы и проблемы в образовании»**

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

**Ел ардағы, халқының асыл туған перзенті Тоқтағали Жангелдиннің саналы ғұмыры тыңға түрен салған еңбектерімен ерекшеленеді. Ұлтымыздың біртуар дарыны Тоқтағали Жангелдин – мәдениет пен оқу-ағарту саласында тынбай еңбектенген қоғам қайраткері, кісілік пен кішілікті бойына қатар сыйдырған тұғырлы тұлғалардың бірі.**

Небәрі 57 жыл сүрген қысқа ғұмырында туған халқының өркениет өрісіне шығуы бағытында ерен еңбегімен еленген айтулы тұлғаның арда ісі ұрпақ жадында жаңғыратыны кәміл. Тоқтағали Жангелдин Қазақстан ҒА Философия институты директоры қызметін абыроймен атқарып, қазақ философиясын зерттеп, дамыту саласына сүбелі үлес қосады. Қаламгер ретінде, «Сын сағатында», «Партизан күнделігі», «Сәкен Сейфуллин», «Партизан жорықтары» сынды туындылар, сонымен қатар заңғар жазушы Мұхтар Әуезов жайлы «Мұхтар Әуезовпен жақын кездесken кездерім» деп аталатын тың естелігін қалдырды.

Осы орайда, ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған іс-шаралар аясында Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында тұғырлы тұлға Тоқтағали Жангелдиннің 100 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел мен тарихи көрменің ашылуы болды. Дөңгелек үстелде «Қазақ университеті» сериясымен баспа үйінде «Өнегелі өмір» жарық көрген «Тоқтағали Жангелдин» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты директорының орынбасары Әлімғазинов Қайрат Шәкәрімұлы және ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер Ермек Тоқтағалиұлы Жангелдин ашып, мұрағатқа алғашқылардың қатарында Тоқтағали Жангелдиннің жеке қоры өткізілгенін атап өтті.

Кітапқа ғылымның қиын жолын қия баспаған ғалымның қолжазбалары мен күнделіктен үзінді, замандастары, туыстары, достарының, перзенттерінің естеліктері енген.

Дөңгелек үстел қоғам қайраткерлері, философтар, тарихшылар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің басшылығы, профессор-оқытушылары мен студенттері де қатысты.

Кездесуде сөз алғандардың арасында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Тамара Сатыбалдина Тоқтағали Жангелдиннің жан жары, көптеген жылдар бойы консерваторияда үздіксіз қызмет атқарған Бәтіш Қазыханова жайлы естеліктерімен бөлісті. Қазақ мәдениетінің мұрат-мүддесіне жанашырлық танытып, жас оқытушылардың кәсіби ғана емес, адамгершілік тұрғысынан өсуіне де аса мән бергенін айтып өтті.




Асыл апамыздың аз ғұмырда бірге отасқан арда азаматының шығармашылығын рухани сергектігі, биік мәдениетімен терең сезініп, әрдайым қолдап, кітаптарының жарық көруіне үлес қосқанын қалың қауымға жеткізді. Шынында да, ардақты анамыздың қырықтан асқан жасында арда азаматынан ерте айырылып, қайсарлығымен қилы тағдырдың қиындығына қарамай, қажыр-төзімімен кісілік қалпын бұзбай, Ермек, Гүлнар, Ерлен атты балаларын жетілдіре жүріп, ғылымның да ғаламат шуағына бөленгені кімге де болса үлгі еді.

Ахмет Жұбановтың жетекшілік етуімен «Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, философия, эстетика, қазақ мәдениетінің тарихы мен эстетикасы саласында тынбай ізденіс жасаған ұстаз-ғалымның қыруар, қызу еңбегі адамдарға бағыт берер темірқазық жұлдыз іспеттес екенін жиналған көпшілік жанымен сезіне білді.

Жиынында философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары Серік Нұрмұратов Қазақстан Ғылым академиясының Философия және құқық институтын басқарған басшылардың арасында Тоқтағали Жангелдиннің ерен еңбегіне ерекше тоқталып өтті. 1970 жылдардың бас кезінде Философия институтында фарабитанудың қолға алынып, зерттеу тобының құрылғанын, ұлы бабамыздың мұрасын зерттеу ісінің алғашқы іргетасы қаланғанын, ал осы тұрғыдағы ұйымдастыру жұмыстарының басында абзал азамат Тоқтағали Жангелдин тұрғанын атап көрсетті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор Әлия Масалимова тұсауы кесіліп отырған кітаптың құндылығын айқындап, байсалды тұжырым жасады.

Тағдыр тоғыстырған қос ғалымның өмір өнегесі бүгінде халқының ыстық ықыласына, құрметіне бөленді. Адалдықтың тұнығынан нәр алған қос ғалымның ғұмырынан кейінгі ұрпақ тағылым алып, ой-таным қалыптастыратынына сеніміміз мол.

**Әсет ҚҰРАНБЕК,**
*философия ғылымдарының кандидаты, доцент.*
**Нұрдәулет НҰРАДІЛ,**
*«Қазақ университеті» баспа үйінің қызметкері*

# АУҒАНСТАН ЖЕЛТОҚСАНДА БАСТАЛҒАН СОҒЫС

**1978 жылы Ауғанстанда сәуір айында төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналды. Ауған соғысы тек өз ішінде ғана емес, оған сырт елдердің қатысуымен де ұзаққа созылды. 1979 жылы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Осы соғысқа 22 мың қазақстандық қатысты.**




Ауғанстанға әскер кіргізу туралы соңғы саяси шешім 1979 жылы 12 желтоқсанда түс ауа шағын ғана кеңес басшыларының тобымен шешілді. Бұл топта: Брежнев, Суслов, Андропов, Устинов және Громыко болды.

24 желтоқсан күні КСРО қорғаныс министрі Д.Ф. Устинов пен Бас штаб бастығы Н.В. Огарков қол қойған бірінші жазбаша құжат пайда болды. Бұл құжатта: «Ауғанстан үкіметінің соңғы өтініші дұрыс деп танылды. АДР-ға интернационалдық көмек көрсету мақсатында Кеңес әскерлерінің кейбір бөлімдерін кіргізу шешімі қабылданды» деп, қысқаша түсініктеме берілді.

25 желтоқсан күні Мәскеу уақыты бойынша сағат 15.00-де КСРО Қорғаныс министрінің берген бұйрығымен Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу басталды.

Кеңес әскерлерінің ең алғашқы соғыс қимылы 27 желтоқсанда Тәжі-Бек сарайына жайғасқан Ауғанстан басшысы Х. Аминнің көзін жоятын жауынгерлік операциядан басталды. Әрі қарай Кабулдағы басқа объектілерді басып алу жүзеге асты. Түнгі сағат 12.00 -де негізінен операция жұмысы бітті. Сөйтіп, жарияланбаған соғыстың алғашқы сөткелері аяқталды. Бұл ұрыс барысында 11 десантшы және 8 айрықша мақсаттағы жауынгер, оған дейін 37 адам әуе апатынан қаза болды. Одан басқа 20 десантшы және 37 айрықша мақсаттағы жауынгер жараланды.

1979 жылы 27 желтоқсан күні кешке Ауғанстан басшылығына Хафизулла Аминнің орнына Бабрак Кармаль отырғызылды. Кеңес Одағы басшылары атынан КСРО МҚК-нің төрағасы Ю. Андропов байланысқа шығып, оны құттықтады. Ауғанстан халқына Б. Кармальдың үндеуін Кабул радиостанциясы жариялады.

Ауған соғысы барысындағы басты ерекшеліктің бірі – 40-армия құрамын бастапқы кезде мұсылман ұлтының өкілдерінен жасақтауы еді. Алғашқы кезеңде Кеңес Одағының барлық территориясынан шақырылған әскери қызметшілер арасында Орта Азияда туып-өскен азаматтар көп болды. Олар Ауғанстандағы ауыр жағдайларға төтеп беруге төзімді және әскери қызметтің қиын сәттеріне көнгіш келеді деп саналды. 1987 жылы 40-армияның қолбасшысы болып тағайындалған генерал-полковник Б. Громов 1981 жылы 5-ші атқыштар дивизиясының командирі болып жүрген кезінде, дивизияның әскери құрамының жартысынан астамы қазақ, қырғыз, тәжік, өзбек, түрікмен ұлттарының өкілінен құралғанын айтты. КСРО-ның 620 мың азаматы АДР территориясында әскери қызметтен өтіп, оның 14453-і соғыс барысында көз жұмды.

Ауған соғысының Қазақстан Республикасына да әкелген адам шығыны мен зардабы аз емес. Бұл соғыста көптеген отбасының шаңырағы шайқалды, кейсібір ана жалғыз боздағынан айырылды, кейбір әйел жесір, кейбір бала әкесіз, кейбір отбасы панасыз қалды. Енді ғана азамат атанып, әскер қатарына алынған қаншама жігіттеріміз ауған даласында жан тапсырды. Ал кейбір жауынгерлер із-түзсіз жоғалып кетті. Аяқ-қолдан айырылып, қан төгіп, мүгедек болғандар қаншама. Тіпті аман оралғандар да жұқпалы дертке, жүйке ауруларына ұшырап, соғыста алған жарақат салдарынан бейбіт күнде Ауған соғысының зардабын тартып жүр. Соның салдарынан соғыстан кейін қаншама жерлестеріміз көзден ғайып болды.

Біздің жерлестеріміздің арасынан 22 мың адам Ауған соғысында болып қайтты. Олардың 1000-ға жуығы осы соғыста құрбан болды және Қазақстанда жерленді, 20 адам із-түзсіз жоғалды. Ал жалпы шығынның 362-сі қазақ ұлтының өкілі екендігі анықталды. Біздіңше, бұл көрсеткіш нақты емес. Майданда шейіт болған ұлты қазақ азаматтарының саны өсуі де мүмкін.

Қысқаша қайырсақ, жыл сайын келетін желтоқсанның 25-і Ауған соғысы ардагерлерінің жадынан шықпайтын датаға айналды. Өйткені солақай саясат салдарынан осы күні басталған бұл соғыс мыңдаған боздақтарымыздың өмірін жалмады, қалғандарын мүгедек етті, синдромға ұшыратты. Ауған соғысынан аман оралған ардагерлер арасынан көптеген қаруластарымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында білім алып, қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге көмектерін көрсетіп жүр. Сөзіміздің соңында бүгінгі бейбіт өмірде сау жүрген ардагерлерге амандық, дендеріне саулық тілеп, еліміздің өркендеуі мен гүлденуіне үлестерін қоса берсін дегіміз келеді.

**Болат САЙЛАН,**
*Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д., Ауған соғысының ардагері*

**ҚазҰУ әскери кафедрасы Алматы қаласында волейболдан өткен турнирде жеңіс тұғырынан көрінді**

# ПРОФЕССИЯ ДЛИНОЮ В ЖИЗНЬ




***Наряду с главным национальным праздником страны – 25-летием Независимости Республики Казахстан, кафедра рекреационной географии и туризма отмечает 20-летие со дня основания.***

***Кафедра рекреационной географии и туризма (до 2011 года – кафедра туризма) основана в 1996 году доктором географических наук Ердавлетовым Станиславом Рамазановичем, который руководил ею до 2009 года. Профессор Ердавлетов известный советский географ и туризмолог, первый в Казахстане и Средней Азии доктор наук, защитивший диссертацию по туризму и воспитавший целую плеяду высококвалифицированных специалистов-географов. Под его руководством 10 учеников защитили диссертации на соискание ученой степени кандидата географических наук по специальности «Экономическая, социальная и политическая география». Многие из его выпускников успешно трудятся на производстве, в научно-исследовательских центрах, институтах и вузах республики. «Несмотря на то, что никто не верил в успех, в год открытия, кафедра туризма заняла третье место по набору студентов, после экономического и юридического факультетов», - вспоминает Ердавлетов С.Р.***

***Сегодня коллектив кафедры под руководством заслуженного инструктора туризма Республики Казахстан Александра Артемьева продолжает лучшие традиции 20-летней истории и ведет подготовку квалифицированных кадров для системы туризма страны. За время работы было подготовлено более 1500 специалистов, которые трудятся в Казахстане и за рубежом. Сегодня студенты-географы принимают активное участие в масштабных республиканских событиях и мероприятиях – сегодня активисты примкнули к волонтерскому движению Универсиады-2017 и EXPO-2017.***

***Кафедра рекреационной географии и туризма КазНУ – единственная в Казахстане прошла международную сертификацию соответствия стандартам качества UNWTO.TedQual образовательных программ бакалавриата и магистратуры по специальности «Туризм».***

***По случаю празднования юбилея кафедры рекреационной географии и туризма на факультете прошло торжественное мероприятие с участием выдающихся деятелей науки и образования, успешных выпускников, бизнесменов и топ-менеджеров индустрии туризма. В рамках 20-й годовщины со дня основания кафедры состоялось награждение лучших студентов сертификатами, а преподавателей и научных сотрудников – благодарственными письмами. Оперативное руководство организацией и проведением мероприятия, необходимое информационное сопровождение осуществляла рабочая группа Клуба развития туризма и спорта Казахстана «ЖасТур», которая является плодом эффективной работы кафедры рекреационной географии и туризма КазНУ им. аль-Фараби.***



**Дамира Федорова - Sales & Marketing Manager Calypso Tour Turkey / Kazakhstan:** «От всей души поздравляю дорогую и самую любимую кафедру туризма КазНУ им. аль-Фараби с 20-летием! У меня остались только самые теплые воспоминания о студенческом времени, преподавателях, друзьях, лекциях и семинарах. Знания, полученные в КазНУ до настоящего времени, помогают в работе, развитии и в жизни.

С уверенностью могу сказать, что преподавательский состав нашей кафедры самый сильный, ответственный и интересный. Работая за границей уже 4 года, я каждый раз с благодарностью вспоминаю ту базу знаний, лучшие студенческие годы, полные энтузиазма и упорства учиться и еще раз учиться. Проверено – эти знания являются основой основ в жизни!

Искренне желаю процветания и дальнейшего развития нашей кафедре туризма, в особенности, любимым и незабываемым преподавателям. Несколько слов хотелось бы отметить лично о каждом из них.

С теплотой вспоминаю слова профессора Ердавлетова как «ойкумена» и «сквозь призму ТРС». Наш добрый и душевный куратор Артемьев Александр Михайлович. Во время горных походов и учебных тренировок он научил нас стойкости и терпению, умению быть командой, заботиться не только друг о друге, но и о природе. Обаятельная Зарема Маратовна, сумевшая привить любовь к географии. Благодаря ей сейчас с закрытыми глазами мы можем назвать расположение стран, их столицы, самые высокие горы, низкие впадины, длинные реки, соленые озера, т.е. все, что уникально в нашем мире, ведь это те самые уголки планеты, куда люди едут путешествовать. Катима Абишевна научила серьезно подходить к менеджменту, проявлять силу воли, стремиться быть лучше, чем мы есть сейчас.

Самые добрые Шолпан Турсунбаевна, Зульфира Валиевна и Айдар Рыспекович, спасибо за Ваши лекции, без которых теория туристской деятельности была бы неполной. Грациозная Маржан Инкарбековна научила понимать то, что, в принципе, пониманию не подлежит, научные термины и абзацы «академической теории туризма».

Алиса Константиновна, Вам спасибо за ориентирование на местности, умение запоминать расположение объектов, окружающих нас, появилось благодаря Вам. Роза Карасаевна и ее территориальное деление Румынии и префектуры Японии просто незабываемы! Жанна Нарикбаева – пример, как нужно твердо идти к своей цели. Также я бы хотела поблагодарить и нашего преподавателя английского языка - Алию Ашимгалиевну! Очень тонко, деликатно, но требовательно днем за днем этот иностранный язык откладывался в памяти, чтобы в будущей жизни уверенно его использовать в профессиональной деятельности! Спасибо за Вашу уникальную методику по изучению английского, это работает!



**Балжан Билялова - директор розничных продаж Туристской компании «Казтур» Thomas Cook Group of Companies:** «В честь 20-летия кафедры туризма примите поздравления и нашу безмерную благодарность от всех выпускников 2008 года географического факультета КазНУ им. аль-Фараби. Знания и умения, полученные за время учебы, помогли нам на пути к успешной карьере! Особые слова благодарности хочется сказать профессорско-преподавательскому составу за профессиональную подготовку специалистов в области туризма, за интереснейшие практики, за доброжелательную атмосферу и незабываемые воспоминания, связанные со студенческой жизнью. Желаем кафедре туризма дальнейшего процветания!».



**Асель Губайдуллина - директор туристской фирмы «Clever Tour»:** «Поздравляем нашу родную кафедру туризма с 20-летием! Уважаемые преподаватели, хотим выразить вам огромную благодарность за то, что вы дали нам больше, чем просто знания, вы научили нас смотреть на мир глазами путешественника и всегда стремиться открывать новые и новые горизонты. Мы часто вспоминаем наши незабываемые учебные практики. Пусть кафедра туризма КазНУ им. аль-Фараби процветает и обогащает Казахстан высококлассными специалистами, которые будут развивать туризм в Казахстане на самом высоком уровне! С уважением и любовью, выпуск 2010 года.



**Мира Хасенова (Матвейчук) - старший преподаватель кафедры «Туризм и сервис» Университета «Туран-Астана», турфирма «AMD – Service»:** «Дорогой и уважаемый коллектив кафедры! Поздравляем Вас с 20-летием! Жизнь моя неразрывно связана с туризмом и я каждый раз убеждаюсь, что лучших специалистов в этой сфере готовят именно в нашей Альма-матер. Желаю Вам талантливых студентов, неиссякаемой энергии! С огромной благодарностью, любовью, выпускница 2005 года».



**Юля Самарина (Тезекбаева):** «Дорогие сердцу преподаватели кафедры туризма! Поздравляю вас с 20-летием кафедры! Благодаря вашему профессионализму, бесконечной влюбленности каждого в свой предмет, душевности и потрясающим человеческим качествам, пять лет обучения вспоминаются с теплотой и любовью. Заложенные знания до сих пор помогают в жизни. Спасибо вам большое за полную отдачу своему делу, за преданность профессии, за терпение в процессе вкладывания знаний в наши головы, за любовь и поддержку во всем, за чудесную атмосферу дружбы и общения, за то что привили уважение и любовь к планете и всему что с ней связано! Здоровья, радости, новых горизонтов!!! Любопытных, умных и благодарных студентов. А еще море путешествий пеших и на всех видах транспорта!».



**Ксения Пилпани (Гладырь), Тур-2000:** «От всей души, с огромной благодарностью и любовью поздравляю нашу дорогую кафедру с юбилеем! Спасибо всем преподавателям, которые вкладывали в нас знания, прививали любовь к науке и учили быть лучшими во всем!

Станислав Рамазанович и Маржан Инкарбековна показали, что туризм – это серьезная наука, и что сквозь призму ТРС мир выглядит по-другому. Катима Абишевна открыла нам удивительный мир менеджмента и не менее удивительные отрасли промышленности всего постсоветского пространства. Производство спичек в Мостах и Речице и нежинские огурчики навсегда в нашей памяти. Благодаря Зареме Маратовне не осталось ни одного белого пятна на физической и климатической картах мира в наших головах, и ни один из нас больше не ищет экватор на сгибе карты.

Любовь к этнографии и Японии сделала лекции Розы Карасаевны незабываемыми. Опыт и энергия Зульфиры Валиевны помогли окунуться во все тонкости профессии экскурсовода. Полезные навыки чтения карт любого вида и формата, приобретенные на занятиях у Алисы Константиновны, не раз выручали в сложных ситуациях. А чудесный опыт работы с акварелью оставил неизгладимый след в наших сердцах. Шолпан Турсунбековна, Айдар Рысбекович, Жанна Нарикбаевна терпеливо учили премудростям туристских наук и прикладных дисциплин. Невозмутимая Анна Геннадьевна была рядом в самые сложные времена курсовых, дипломов и производственных практик, только благодаря ее чуткому руководству и твердой руке все получилось.

Наставник, Учитель, Куратор, Александр Михайлович научил по-настоящему любить горы, спорт, друг друга, делиться последними сухими носками, вязать брамшкотовый узел и булинь, траверсировать склоны и брать штурмом любые вершины. Опыт и знания, приобретенные в процессе обучения, – бесценны и помогают в достижении целей в профессиональной деятельности и в жизни. А одно из главных умений, приобретенных в стенах университета, – это умение учиться всегда, которое открывает перед нами безграничные возможности!

Спасибо, любимая Кафедра!

Выпускники кафедры рекреационной географии и туризма 2001-2016 годов.

**Мейржан ЕСЕНОВ, Зарема АБИШЕВА**



**Преподаватели КазНУ посетили солнечную электрическую станцию мощностью 2 МВт в г. Капшагай**

**Еділбек ДҮЙСЕНОВ**
*Филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті. «Жұмбақ сәуле» жыр жинағының авторы. Өлеңдері ұжымдық жинақтарда басылған. Республикалық баспасөз беттерінде жарияланып тұрады.*



Ай арылттым
Жыл жеңілттім жол қарап...
Тұнжырайды төбемнен ай қорғалап.
Қара тасқа тамып жатыр тағдырым,
Жапырақтың жанарынан сорғалап.
Жапырақтай жүрегің бар, гүл-еркем,
Өзіңді ойла
Мені қойшы –
Күнелтем.
Балпаң басып, балағына сүрініп,
Күз келеді күні ертең.
Мұңды тыным...
Түн-күпінің ілгегі
шешілмепті...
Ашылмапты бүрлері.
Жұлдызы жоқ
не бір буаз Айы жоқ
Сонша соқыр түн бе еді?!
Сарсылтты ғой...
Қашан атпақ таң сығыр?
«Қырық бір тас» санап отыр балшы қыр
Тылсым тұнған, таңдайына түнектің
Тамып кетті тамшы Нұр!
Тұршы, Таң атты!..

**ТҮН. МЕЛАНХОЛИЯ**
**(Диптих)**

I

Терезенің маңдайынан жел өбіп,
Кәрі сағат қағады үнсіз таңдайын.
Көкке қарап көк-сұр ернім кеберіп,
Мен отырам жындысүрей жандайын.
Есімді алып он бесінен толған ай,
(Жұлдыз біткен: бөтелкенің сынығы)
Уға айналған Үмітсің деп қойғаны-ай,
Құлақтағы Періштенің күбірі.
«Айырмаң жоқ. Сен де мендей ғаріпсің!» –
дейді ессіз түн құшағына бойласам.
Басынан бұлт домалаған алып шың
Ол да бір күн шөгетінін ойласам...
Зарым төксем, тыңдайтындай мені ұйып,
Сабыр ғана ұстап тұрған сан асқар.
Маңдайына Ай ілген түн мөлиіп,
Айға қарай ұмсынады ағаштар...

II

Жанымның үңдері жазылды ерінде,
Жүрек бетінде жорғалай...
Байғұс әжемнің әжімдеріндей
Менің ғұмырымның жолдары-ай!
Пиғылын көріп залым, сұмдардың
Ұғындым жарым мименен:
Шыршалар менен самырсындардың
Ғұмыры маған тимеген!
Сенерім – Өлең! Көрерім – Өлім!
(Қалмаспын таза пішінде)
Тозаққа барғым келеді менің,
Жұмақты сүю үшін де...
Жастықты жас өлер зират қылғаннан,
Жабыққам...
Жан жоқ санасар.
Бұйығы тартқан бұйрат құмдардан,
Бұлаң жол іздеп адасар...
Тамырымды қуып шұбаланған жыр,
Шарасыздық күйін билеп тұр...
Маған қосылып жылаған жаңбыр,
Топырақтың тәнін түйреп тұр...
...Менің жанымның хәлін кешкен топырақты
аядым...

**БАЯҒЫ БАЯН**

Өртенбей, сынған шырпыдай,
Аяқсыз қашқан өткен күн...

**КҮНДЕЛІКТЕН**

Күз де келді
күрсініп үлгергенше,
Жаным жарып бүршігін
жыр бергенше.
Тап бір,әлем кірінен айығардай,
Мен егіліп,
Ой бағып,
Түндерді емсем...

Жүрек – жүрек бола ма егілмесе,
Көз жасыммен бірге ақты шерім неше!?
Жапырақтай халдемін күз ұрмаған,
«Үзілем» деп зар қаққан жел үрлесе.

Жиегіндей кесенің, қайран, Уақыт,
Иегіндей көсенің, қайран, Уақыт!
Сусып кеттің қолымнан, абайсызда,
Жібердің де, «жассың» деп тайраңдатып.

Құлағымда кісінер бұрынғы күн,
Бұрынғы күн – мұңсыз күн, құлын күнім.
«Өткен шаққа оралмақ болар ма?» деп,
Түннің көзі күледі жымың-жымың...

**БАЛКОН. СӘТ**

Таң атқан.
Айғыз-айғыз әйнек беті бұлдыр әлі
Әйнекті ұрғылап, аржағынан кереңжел
шыңғырады...
Періште өмірді пенде емес, АДАМша көргісі
келеді
Ал, пенде АДАМ емес, Періште болғысы
келеді...
Жесір жер, ала жаздай ерінi жібімеген
Соры жайлы, сыбыр-сыбыр сыр айтқысы
келеді
Қылып өлең...
Міз бақпай мәңгі тұрмақ болады Күн- көк
еркесі
Жерді тұтас жапсам дейді жапырақтың
көлеңкесі...
Электр шамдары арқан тартыспақ боп,
жұлқынады
(Ееее...
Бәрі де мен секілді қолынан келмеске
ұмтылады)

**АБЫЗДЫҢ АҚЫРЫ –**
**АҢЫЗДЫҢ БАСЫ**
**(Әбіш қазасына. Экспромт)**

Жанарымда жас балалап...
Құлағыма жел үріп...
Міскін өмір омыртқасын мыстан уақыт
кеміріп...
біткен шақта – ...
Жусан иісін Ажал иісі құшақтап...
Қабырғасы арса-арса бұлттар тұрды егіліп...
Нарға да ауыр нала арқалап
Жүрек, байғұс, әбігер.
Мұңы – жұпар, ділі бекем
Ділі бекем, жаны да Өр.
Шөңгесіне табан емес, тосып еткен маңдайын,
Қара жерге қалай қияр Әулиесін Тәңір- Ел?!
Қоңыр ойдан тін таратқан қоңыраулы жыр
кеуде –
Тәңірінің нұрлы жүзін көретұғын күндерге
Әулиелік пішінімен аяқ басты
Біз пақыр
зағип жанның аяғындай ғұмыр кешіп
жүргенде...
Қабырғасы арса-арса алып бұлттар егіліп,
Міскін өмір омыртқасын мыстан уақыт
кеміріп...
біткен шақта-...
Тұр-ау Елі ұлы Абызын қия алмай,
Жанарында жас балалап...
Құлағына жел үріп...
Хош! (келдің!)



**Тілі бар ұлт – тірі. Тілі бар ел бақытты саналады. Жер бетіндегі қаншама мемлекет тіл шұбарлануына ұшырады. Біздің қазақ елі бодандықтың бұғауында ғасырлар бойы зардап шексе де, тілі мен рухынан айырылған жоқ. Бабалар аманаты ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.**

# ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АНАСЫ

Расында біздің еліміз тарихтан жаңа парақ ашты. Еліміздің қорған болатын «ҚР Тіл туралы» Заңы бар. Бұл заң тіл қолданысының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып, үйрену және дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Әрі елімізде қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Ата Заңымызда айтылғандай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Еліміз егемен ел атанған кезінен ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Елбасымыздың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығымен қыркүйектің үшінші жексенбісі Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні ретінде атап өтілетін болды. «ҚР Тіл туралы» Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», – делінген. Әлбетте, ұлттың ең бірінші, ең қасиетті белгісі – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі.

«Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Он шетел тілінде сөйлесе тіпті жақсы, бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастасақ – ол кешірілмес күнә. Сол себепті де, мемлекеттік тіл – біздің мемлекетімізді құлатпай ұстап тұратын бір мықты діңгек екенін ұрпақтарымыз біліп өсуге тиіс», – деген еді Елбасы Н.Назарбаев.

Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру. Ол Елбасымыздың 100 нақты қадам – ұлт жоспарында көрінісін тапты. Мемлекеттік тілді меңгеру міндет. Сондықтан, әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына жол бермеуге тиіс.

**Г.Е. САПАЕВА,**
*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы*

**В стенах факультета истории, археологии и этнологии КазНУ недавно прошла встреча с историком Ириной Ерофеевой.**

# Актовая лекция

С работами данного исследователя мы не раз сталкивались во время учебного процесса, которые всегда отличались полнотой источниковедческой базы, точностью и наличием ранее не выявленных фактов нашей истории. Ирина Ерофеева историк с большой буквы, и она является одним из самых цитируемых авторов за пределами Казахстана. Эта закономерность присуща всем авторам, которые начали свой профессиональный путь в советское время. С обретением независимости у исследователей появилось много возможностей исследовать ранее неизученные вопросы, и раскрывать «белые пятна» истории Казахстана, которых, как говорит Ирина Викторовна, очень много. В связи с этим, нужно отметить недавно вышедшую работу И. Ерофеевой «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в 2-х томах». Книга была выпущена в честь 550-летия Казахского ханства. Эта работа получила высокую оценку в научной среде, так как содержала большинство документов, опубликованных впервые, 811 переводов писем казахских ханов и султанов монархам и чиновникам Российской империи и восточных государств, также включила 250 факсимиле оригинальных текстов тех же писем.

На лекции Ирины Ерофеевой были освещены новые факты о легендарных ханах казахской степи, таких как Касым хан, Хакназар, Есим хан и др. Студентам посчастливилось увидеть ранее неопубликованные оригинальные изображения Абылхайыр хана, хана младшего жуза Ералы. В заключение Ирина Викторовна ответила на вопросы и подчеркнула тот факт, что в истории Казахстана много тайн, которые еще предстоит раскрыть.

**М. СЕЙЛБЕКОВА,**
*студентка 4 курса специальности «История»;*
**А.Т. СУЙНОВА,**
*эдвайзер*

**ҚазҰУ-да ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында «Әл-Фараби» алаңы ашылды**

# Торжественное открытие Площади имени Аль-Фараби

**К 25-летию Независимости Республики Казахстан в КазНУ состоялось торжественное открытие Площади им. Аль-Фараби. Парадный вход национального университета приобрел свой неповторимый стиль и стал ярче благодаря новому освещению.**



Ректор КазНУ Галым Мутанов поздравил студентов, преподавателей, жителей и гостей города Алматы с главным национальным праздником и открытием Площади им. Аль-Фараби, отметив, что проект важен для всех, кто здесь живет, учится и трудится на благо казахстанской государственности.

«Центральная Аллея университета, символизирующая «путь науки из прошлого в будущее», простирается до проспекта аль-Фараби, устремляется ввысь к вершинам Заилийского Алатау, как воплощение пути независимого Казахстана и желание его народа за четверть века построить сильное, свободное государство с образованной молодежью и конкурентоспособной нацией», – сказал Галым Мутанов. Ректор КазНУ призвал студенческую молодежь принимать активное участие в развитии страны под эгидой общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» и вносить вклад в укрепление Казахстана.

Разработчики проекта осветили площадь фонарями, выполненными в необычной технике и в единой композиции, формируя новую эстетику студенческого кампуса и внешний архитектурный облик города Алматы.

Площадь им. Аль-Фараби связывает составляющие композиционные элементы единого архитектурного комплекса, объединенного общей национальной идеей «Мәңгілік ел» – Триумфальную арку студентов и выпускников с памятником аль-Фараби.

В честь торжественного открытия площади в КазНУ отгремел праздничный фейерверк и прошел концерт с участием художественных коллективов университета.

**А.КАМАЛДИНОВА**



Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

# ӘСЕРЛІ КЕЗДЕСУ

**Қазақтың маңдайалды қара шаңырағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде студенттер мен магистранттардың қатысуымен тарих үшін маңызды тұлғалардың ізбасары, ұлт жанашыры, ата-баба мұрасын жалғастырушы және дәріптеуші Иван Васильевич Панфиловтың артында қалған ұрпағы Алуа Бақытжанқызы Байқадамовамен кездесу болып өтті. Шараның өтуіне ұйытқы болып, тарихи тұлғалардың ұрпақтарын жастардың өз көздерімен көріп, сұхбаттасуына «Ақ Жол» демократиялық партиясы белсене атсалысты.**



Панфиловтар отбасында бес ұл-қыз тәрбиеленіп өсті. Алуа Байқадамова – Валентина Панфилова мен Бақытжан Байқадамовтың қызы, айтулы тұлғаның ұрпағы. Кездесуде Алуа апайдың мәнерлеп сөйлеген сөздері мен мағыналы да мәнді әңгімелерін тыңдап, тексті ұрпақтың жарқын жалғасы екенін байқадық. Бүгінгі таңда Алуа Байқадамова 28-ші гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақтың әскер үйінде орналасқан әскери-тарихи мұражайында меңгеруші болып қызмет атқарады. Мұражайдың батырлар ерлігін дәріптеуде, елдің әскери тарихында атқарар рөлі зор. Қорғаныс министрлігінің әскери тарих мұражайы 1965 жылы Орталық әскери округтің Офицерлер үйінде ашылды. Мұражай Қазақстан аумағындағы әскери-тарихи жәдігерлер негізінде жұмыс істейді. 1941 жылы Алматыда жасалған Панфилов атындағы 318-8 атқыштар дивизиясының материалы кең таралған. Мұражайда әскери техника, қару-жарақ, шайқас кезінен қалған жәдігерлер, марапаттар және фотодеректі материалдар бөлімдері бар. 1978 жылы архитектор Ратушный, Ералиев, конструктор Развиннің қолдауымен мұражай ғимараты тұрғызылды. Мұражай 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақтың Даңқ Мемориалы алаңында орналасқан жалғыз архитектуралық-сәулет ғимараты болып саналады.

Кездесу барысында батырдың өмірі мен қызметіне, 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін Алматы қаласында жергілікті ұлт өкілдерінен 316-атқыштар дивизиясын жасақтап, Мәскеуді қорғауға жіберілгені, 1941 жылдың қазан-қараша айларында Мәскеу түбіндегі қорғаныс кезінде Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының жауынгерлері Волоколамск бағытын қорғауда асқан ерлік көрсеткені тағы да ой елегінен өткізілді. Панфиловшы батырлар тобының ерлігі Кеңес әскері жауынгерлерінің жаппай ерлік көрсетуінің үлгісі болып, 17 қарашада 316-атқыштар дивизиясы Сегізінші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып аталып, Қызыл Ту орденімен марапатталғаны баршаға аян. Панфилов қаза тапқаннан кейін дивизия оның есімімен аталып, Ленин, 2 рет Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталды. Сондай-ақ Панфилов Мәскеудегі Новодевичье зиратына жерленгені туралы деректерді апай жіпке тізгендей әңгімелеп берді. Болашақ ел басқарар жастар үшін бұл кездесу өте әсерлі болды.

**Мадина ҚАДЫРБАЕВА,**
*«тарих» мамандығының*
*2-курс магистранты*

# НОВОСТИ НАУКИ

**Физики КазНУ разработали метод манипулирования частицами микро и нано размеров в низкотемпературной плазме.**



Новый метод манипулирования частиц микро и нано размеров в низкотемпературной плазме высокочастотного разряда разработали ученые НИИ экспериментальной и теоретической физики КазНУ им. аль-Фараби Руководитель темы - ВНС, канд. физ.-мат. наук, профессор С.К. Коданова.

Целью работы явилось экспериментальное исследование структурных, динамических свойств низкотемпературной комплексной плазмы в комбинированном высокочастотного емкостного разряда с дополнительным источником постоянного тока. С помощью ВЧ компенсированного электрического зонда было определено аксиальное распределение температуры электронов плазмы высокочастотного разряда. Выявлено влияние электростатического поля на аксиальное распределение интенсивности свечения плазмы высокочастотного разряда. Выявлены влияния отрицательного постоянного поля на поверхностные свойства высокочастотного электрода.

В ходе выполнения экспериментальных исследований получили плазменно-пылевые образования, состоящие из наночастиц материала электрода. Область применения: термоядерная энергетика, термоядерные реакторы (Токамак), сверхплотные интегральные схемы.

**НЦТИ**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор.: *Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА*
Жауапты хатшы – *Дариға АМАНКЕЛДИЕВА*
Тілшілер: *Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар УШУРОВ*
Дизайнер – *Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ*
Фототілші – *Марат ЖҮНІСБЕКОВ*
Корректорлар: *Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА*

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №787

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.